




Мамандық таңдауда, өзінді – өзін танысаң – істің басы...



*Мектебі: № 202 орта мектебі
(10 сыныпқа арналған
практикалық сабақ)*

*Мұғалім: Азаматова Ботакөз
Бейінді оқыту жөніндегі орынбасары*





Мақсаты: Өзін – өзі одан әрі ашу, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау, түрлі мамандық туралы нақтырақ білу, бейімділіктерін танып білуге ықпал жасау, оқушыларға алдағы уақытта заман талабына сай мамандық алу үшін бағыт – бағдар беру.


Міндеті:

1. Оқушылардың тұлғалық және кәсіби өзін-өзі табуы барысына психологиялық көмек көрсету.
2. Қазіргі заманға қажетті кәсіптерді таңдауына, қоғамдағы әртүрлі проблемаларды жеңе білуге тәрбиелеу.
3. Болашақ білім алуы мен мамандағын таңдауда бейімділігі мен қабілетін мүмкіндіктерін айқындау.

Жүргізілу барысы:

- 1. Кіріспе сөз**
- 2. Психологиялық сәлемдесу (1 жаттығу)**
- 3. “Жақсы мен жаман қасиеттер» (2 жаттығу)**
- 4. Ұлы адамдардың нақыл сөздері**
- 5. “Мамандық таңдаудың 7 қасиеті”**
- 6. Мамандық таңдаудың алақандағы құпиясын ашу**
- 7. Қорытынды**

**Көрнекі құрал- жабдықтар: Тақырыптық слайд,
Ұлы адамдардың нақыл сөздері, дәптер, сызғыз,
қалам.**



1 – нұсқау

Бір – біріне күлімсірей қарап, алақанның ішін және сыртын тигізіп сәлемдесу

2 – нұсқау

Оң жақ тізелерін түйістіру арқылы сәлемдесу

3 – нұсқау

Оң жақ, сол жақ иықтарын тигізіп сәлемдесу

4 – нұсқау

Маңдайларын бір – бірлеріне тигізіп сәлемдесу



Сәлемдесу аяқталғаннан кейін қойылатын сұрақтар:


- Сәлемдесу кезінде қандай әсерде болдыңдар?
- Сізге амандасудың қандай әдісі ұнады?
- Осы әдістердің қайсысын пайдаланып көрдіңіз?
- Отбасы мүшелерімен , достарыңмен қалай сәлемдесесіздер?



«Жақсы» мен «жаман» қасиеттер

(2 жаттығуға 3 минут уақыт беріледі)

- Қандай қасиеттеріңізді көп жаздыңыз?
- Қайсысынан өзіңізді көбірек таптыңыз?
- Осыған дейін осы жайлы ойланып көрдіңіз бе?
- Бұдан былай жиі есіңізге түсіріп отырасыз ба?



«Ұлы адамдардың» нақыл сөздері

Ісім оңсын десеңіз,
Сол істің маманы болыңыз,
Даңқым шықсын десеңіз,
Көпшіліктің адамы болыңыз.

Әл - Фараби

Жүрегің қалаған мамандықты қажеттілік
бойынша емес өзіңе ұнауы бойынша таңдауға
не жетсін?

Али Апшерони

Өз мамандығымның арқасында адамдарға көмектесу
мүмкіндігін ала аламын. Бұл менің өмірімнің мағыналық
жақтарын толықтырып, байытады.

Хелен Хэйес.



Мамандық таңдаудың жеті қадамы

Бірінші қадам:

Байыппен бағдарлай біліңіз

Жас адамның бір тоқтамға келуіне қиялдың да әсері бар. Біреуді кинодағыдай романтикалық мамандықтар қызықтыруы мүмкін. Біреулер туғаннан маңдайына жазылған ата-анасының жолын таңдайды. Біреулер ЖОО-ға жақын досына немесе құрбысына серік болып барады, ал енді біреулер үйіне жақын оқу орнына құжат тапсыруға асығады.


Мамандық таңдау адам тағдырында көп нәрсені шешетіндіктен, оған атүсті қарау – жеңіл ойлылықтың белгісі. Сондықтан, бұл мәселенің шешімін мүмкіндігінше аса мән беріп, байыппен қабылдаңыз.



Екінші қадам:

Дұрыс шешім өз қолыңызда


Ең бірінші бұл таңдауды өз бетіңізше жасау керектігін саналы түрде ұғыныңыз. Ата-аналардың, достарыңыздың ықпалынан шыға алмай қалмаңыз. Олар не айтса да, бұл – сіздің тағдырыңыз.



Үшінші қадам:

Бейімділігіңізді ескеріңіз

Бастапқыда өз қызығушылығыңызға назар аударыңыз. Немен айналысқанды қалар едіңіз? Қандай пәндер ұнайды? Бос уақытыңызда немен айналысқанды жақсы көресіз? Адамдармен, әсіресе, бөгде кісілермен оңай тіл табыса аласыз ба? Көп нәрсе сіздің бейімділігіңізге байланысты.



Төртінші қадам:

Өзіңізді сынақтан өткізіңіз

Бәрінен бұрын өзіңізді ой елегінен өткізіп көріңіз: өзімнен және өзімнің жұмысымнан нені қалаймын? Бес жылдан кейін өзімді қалай елестетемін? Барлық ақпараттарды пайдалана отырып, болашақ мамандығыңыз туралы көп мәлімет алуға тырысыңыз. Өзіңіз таңдаған мамандық иелерінің іс барысын көзіңізбен көру үшін сол кәсіпорын, мекемелермен танысуға шығыңыз.

Програмист болғыңыз келсе, компьютерлік ойындарды ғана місе тұтпай. Ең болмаса қарапайым бағдарлама жасап көріңіз. Дайындық курстарында жазылсаңыз, тіпті жақсы. Ең дұрыс тәсіл – жазғы демалыс кезеңде өзіңізді қызықтыратын саланың ең кіші қызметкері болып жұмысқа тұрсаңыз, таңдауыңыздың дұрыс бұрыстығына көзіңіз анық жетер еді.



Бесінші қадам:

Сұранысты да назар ұстаңыз

Болашақ мамандығыңызды еңбек нарығында қаншалықты бағаланатынын білу де пайдалы. Қарапайым жол: бос орындарға жарияланған байқауларда, интернеттің еңбекке орналастыру сайтында қандай мамандарға сұраныс бар екендігін қараңыз. Арнайы агенттіктер жүргізген болжамдардың да маңызы зор. Осы мәліметтерді ескере отырып, таңдаған мамандығыңызға қай жоғары оқу орнында, қалай даярлайтынын анықтаңыз.



АЛТЫНШЫ қадам:

Мамандар не дейді?

Егер күдік-күмәннан арыла алмасаңыз, онда мамандардың көмегін пайдаланыңыз. Мұндай кезде психолог кеңесші мамандар жәрдемдесе алады. Сондай-ақ, қабілетіңіз бен бейімділігіңізді анықтауға көмектесетін арнайы психологиялық тестілер бар.




Жетінші қадам:

Қорытынды шешім

Мәліметтерді жинастыра келіп, өзіңізге ұнаған негізгі 5-10 позицияның тізімін жасаңыз. Одан кейін парағыңызды екіге бөліп, оң және кері жақтарын тізіп, сынақ тәсілін жүргізіңіз. Көңіліңізге қонбайтынын сызып тастаңыз. Тізімде үш пункт қалған кезде тағы да қосымша ой елегінен өткізіп, ең соңғы шешім қабылдаңыз.





Мамандық таңдаудың алақандағы кұпиясын ашу





Халыққа жетекшілік ете алатын қоғамның лидерлері. Сонымен қатар дін адамдары, педагогтар мен психологтар.



Басқарушылар, өкімдер, ұжым басшылары, заңгерлер, журналисттер, шенеуніктер.



Әскери адамдар, тәртіп сақшылары яғни мемлекет саясатын жүзеге



Зерттеушілер, ойқорытушылар яғни ғалымдар, философтар, саясаттанушылар, тарихшылар, инженерлер, космонавтар, сәулеткерлер.



Қаржыгерлер, сауда-саттыққа байланысты адамдар және банк қызметкерлері



Сөзді суретшілер, әртістер, әнші, бишілер, музыканттар, сазгерлер, суретшілер, мәдениет қызметкерлері, кино, теледидар мамандары, әдебиетшілер.



Іс-әрекетін қол еңбегімен атқарушылар: жұмысшы, құрылысшы,



Дәрігерлер, шипагерлер, аяжандар.

Жоғарыдағы бағыттарды 4 деңгейге топтайық:



*Адами қасиеті,
рухани жан дүниесі
жоғары, ұшқыр ой
иелері. Бұған
бастықтар,
әкімдер, педагог,
психологтар,
философтар, дін
адамдары.*




*Сақтаушы –
қорғаушылар, яғни,
орындаушылар:
әскери адамдар мен
шенеуніктер. Олар
мемлекетті
қорғайды, заңның
орындалуын
қамтамасыз етеді.*




*Қажырлы еңбек
иелері.
Бұған әртістер
мен жұмысшылар
кіреді. Жұмысшылар
күшін,
әртістер сезімін
береді.*



*Материалистер:
Бұған қаржыгерлер
мен дәрігерлер
жатады.
Экономисттер
өндірісті, дәрігерлер
денсаулықты
қадағалайды.*



Міне, алақан, саусақ, білезік нүктелерін қосқанда мамандық таңдау сызбасы келіп шықты. Енді сызғыш алып сызба бөліктерін өлшеп шығасыз.




Егер сіздің алақан сызығыңызда бас бармақ пен О нүктесі арасындағы сызба бөлігі ең ұзын болып шықса, сіз – басқарушысыз. Сіздің жетекшілік, басқару, ұйымдастыру қабілетіңіз ерекше. Сіздің ұжым басшысы, әкім, педагог, психолог болуға толық мүмкіндігіңіз бар.


2.



Ал, О нүктесі мен сұқ саусақ нүктесінің арасындағы сызық басқаларынан ұзынырақ болса, сіздің қорғаушы, әскери қабілетіңіз мол. Әскери мамандық таңдауда табысқа жетесіз. Сіз – күрескерсіз. Сіз әскери, полиция, кеден қызметіне лайықсыз. Сіз жақсы шекарашы да боласыз.




Ал, ортан қол сызығы ұзынырақ болса, мақсат - мүдделеріңіз биік, жоғары идеялы адамсыз. Рухы биік дін адамы, саясаткер болуға бейімсіз.




Аты жоқ саусақ сызығы үлкенірек болса, сіз идеалиссіз, өнерге бейіміңіз мол, жоғары дәрежедегі өнер иесі бола аласыз. Жалпы қажырлы еңбек иелері: жұмысшылар, диқандар, өнер адамдары, сазгерлер, режиссерлер, суретшілер, музыканттар, кино, театр қызметкерлері, архитекторлар, модельер, дизайнерлер т.б.



Шынашақ сызығы үлкенірек болса, сіз дәрігерлікке, шипагерлікке бейімсіз. Сіз өте сезімталсыз. Сіз адамдарға нақты көмек беруге күштарсыз.



О нүктесінен шынашақ тұсындағы білезік сызығы ұзынырақ болса, сіз іскер және қаржыгерсіз. Қаржымен жұмыс істей аласыз. Яғни, сіз банкі қызметкері, бухгалтер, экономист, қаржыгер, іскер адамсыз. Қаржы жасауға батыл кірісуіңізге болады.



О нүктесі бас бармақ тұсындағы білезік сызығы ұзынырақ болса, сіздің зерттеушілік қабілетіңіз мол. Сізден жақсы мемлекет қызметкерлері, шенеуніктер мен ғалымдар шығады. Сіз дамуды, ізденуді, ойқорытуды және ішкі тәртіпті ұнатасыз.

Әрбір саусақта адамның табиғи қасиеттері көрініс алған:

Бас бармақ - адамның санасына жауап береді. Басшылар деген сөздің мағынасы адамның өміріне жауаптылар дегенді білдіреді.

Сұқ саусақ - көру қабілеті мен ерік күшін айқындайды. Әскер адамына қырағы көз бен ерік қажет - ақ. Мылтықтың шүріппесін сұқ саусақпен басатының ескеріңіз.

Орған қол - адамның омыртқасы мен рух, жігерін білдіреді. Адамның дінгегі - омыртқасы сияқты орған қол да алақанның қақ ортасынан басталады.

Аты жоқ саусақ - біздің түйсігіміз (инстингт) бен жыныстық жағымызды қарастырады. Неке сақинасын осы саусаққа кигізудің де мәні бар.

Шынашақ - біздің жүрегіміз, сезіміміздің көрінісі. Дәрігер - оташыға шынашақтың дәл, нәзік қимылдары керек - ақ.



*Назарларыңызға
рахмет !!!*

